

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ – МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ ЖАҢА САПА НЕГІЗІ

Елбасының «Қазақстанның дамуының кепілі – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде ұлттық білімнің, адам ресурсының сапасын арттыру мәселесі кеңінен айтылғаны белгілі. «Қазақстан - 2030» стратегиялық даму жоспарында да оның бағыт-бағдары белгіленіп берілді. Онда ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық айтылған. «Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтамды өндірістері үшін кадрлар қорын жақсартуымыз қажет» деген талап қойылды. Мұның бәрі, әрине, білім мен ғылым саласындағы зиялы азаматтарды ерекше рухтандыра түсті.

Осы орайда, қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы өзінің сапалы кәсіби білім беру құқығын таратқысы келетіндерге мүмкіндік беретін e-Learning – электронды оқытудың енгізілуі ерекше жаңалықтардың бірі болды. Осылайша Қазақстандағы электронды оқытуды дамытуға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті өз үлесін қосуда.

Бірнеше жылдан бері бұл жоғары оқу орны электронды контентті жоспарлауға қатысып келеді. Оқу орнында қашықтықтан оқыту технологиясын ендірудің дидактикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелерін зерттеп, студенттердің алған білімдерін тәжірибе барысында тиімді қолдануы осыған дәлел.

Ізденіс пен ұмтылысқа толы өткен жылдарға барлау жасап көрейік. Жоғары оқу орындарында болуға тиісті барлық игі істер, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар мұнда жанаша сипат алу үстінде. Соның арқасында үздіксіз кәсіптік білім беру процесіндегі басқыштардың сабақтас-тығы қамтамасыз етілуде. Кәсіптік білімнің қоғамдық өркениеттік сипатын ашу барысында бастауыш, орта және кәсіптік білімді кәсіпорынмен интеграциялау қолға алынды. Кең профильді мамандықтар бойынша кәсіптік білім мен кәсіби дайындықтың жеке жүйесін дамытуға атсалысуда. Жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз ету саясаты жүзеге асырылуда. Кәсіптік білім (бағдарлы мектеп – кәсіптік техникалық мектеп – колледж- жоғары оқу орны) жүйесін дамытуға бар мүмкіндік қарастырылған. Еңбек нарығының жұмысшы мамандарға мұқтажлығын қамтамасыз ету мақсатында мамандықтар мен кәсіптерді жаңалап отыру жүзеге асырылуда. Мамандандырылған жұмысшылардың білім мен біліктілік деңгейін әлемдік білім стандарттарына сәйкестендіруге бар мүмкіндік жасалуда. Жеке тұлғаның интеллектуалдық және мәдени дамуындағы қажеттілігін арттыра отырып, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру бойынша жұмыстар жасалуда.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 69 мамандық бойынша кешкі және сырттай оқу бөлімінде 3000-нан астам студент сапалы білім алуда. Қазіргі кезде ОҚМУ-де қашықтықтан білім алып жатқан студенттер Қазақстан мен Өзбекстанның 100-ден астам жергілікті мекендерінде тұрады. Қашықтықтан оқыту технологиясының көлемін ұлғайту мақсатында Ақтау және Жетісай қалаларынан университет өкілдіктері ашылған. Осы жұмыстарды іске асыру мақсатында университет ректораты қаржы көзін қарастыру арқылы қолдау көрсетуде.



Бүгінгі таңда біз қашықтықтан оқыту жүйесін сырттай оқытудың едәуір жақсарған жүйесі ретінде қарастырамыз. Бұл жерде студент жылына бірнеше сағат лекция тыңдап қана қоймай, оқыту-әдістемелік құралдарды өз меншігіне қолдана алады және жүйелі түрде интернетпен жұмыс істеуді үйренеді. Күндізгі бөлімдегі керекті, жоғары сұранысқа ие мамандықтардың санын есепке алсақ, онда қашықтықтан оқу кей жағдайда күндізгі бөліммен де бәсекеге түсе алады. Қашықтықтан оқыту артықшылығы – тиімділігінде. Өндірістен қол үзбей білім алады және оқудың төлемақысы күндізгі оқу түрінен едәуір төмен.

Қашықтықтан оқыту жүйесін енгізудің ең сәтті болған факторларының бірі – ОҚМУ ұсынған қашықтықтан оқыту жүйесінің сапасы. Сонымен бірге біз сапаны барлық жерде ұстануға тырысамыз.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дегі қашықтықтан оқыту жүйесін дамытудың басты факторлары мыналар:

- кадрлардың жүйелі түрде іріктелініп алынуы;
- оқулықтардың жеткілікті болуы;
- экономикалық, ақпараттық қызметтерімен жабдықталуы.

Әрбір қызметкер іріктеліп, алынған маман талаптарға сай дайындалады.

Елдің нарықтық бағыттағы жалпы дамуын есепке ала отырып, сәйкесінше, халықтың жұмыспен қамту деңгейі өсуіне байланысты, бүгінде қашықтықтан оқыту жүйесін қайта дайындау мен іс-тәжірибесін арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Осы факторлар ОҚМУ-де қашықтықтан оқыту жүйесінің қарқынды дамып, аз уақыт ішінде танымал болуына септігін тигізді.

Ежелгі грек философы Горфей: «Егер де сіз қаншалықты тура бағытта болғаныңызбен, сәл кідіріс жасасаңыз, басқалар сізден алға кетіп қалады» демекші, кәсіби біліктілігі жоғары мамандық иесін даярлау үшін жетілген оқу технологиясы мен ғылыми жетістіктерді пайдалану аса маңызды.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – Қазақстандағы ең ірі, көпсалалы, осы аймақтың бірден-бір мәдени, ғылым және білім ошағы. Өндірістен қол үзбей білім алғыңыз келсе, бізге келіңіз!

Ә. ЖАҚАШ,

*М.Әуезов атындағы ОҚМУ доценті,
техника ғылымдарының кандидаты.*